

## Астың асқазанда қортылуы

Ересек адамдардың асқазанының сыйымдылығы 1,5–2 литр.

Асқазанның пішіні мен мөлшері астың түсуіне байланысты үнемі өзгеріп тұрады. Ұсақ бездерден бөлінетін қарын сөлінің құрамында су, тұз қышқылы, ферменттер және т. б. заттар болады.

# Тағамның маңызы, қызметі

құрылыстық

энергетикалық

## Тағамның құрамы

Белок  
(күніне  
100–120 г)

Май  
(70–100 г)

Көмірсу

Витамин  
(А, В,  
С, т.б.)

Минерал-  
ды газдар  
(5–6 г)

Су  
(1,5–  
2,5 л)

*Асқорыту* – тағам құрамындағы органикалық қосылыстардың ыдырап, қан мен лимфаға өтуі.

## Асқорыту жүйесі

Асқорыту мүшелері

Асқорыту бездері





### **Асқазан**

Асқазанға тамақ келіп түскенде, ол созылады. Оған түскен ас қоймалжың затқа айналады.



### **Аш ішек**

Аш ішекте тамақты ыдырататын әртүрлі энзимдер бар. Аш ішектегі тамақ 6 сағатқа дейін сақталады.



### **Тоқ ішек**

Тамақтың қорытылмаған қалдықтары тоқ ішекке түседі. Тоқ ішекте витаминдерді сіңіруге көмектесетін зиянсыз бактериялар бар.

